

**С.Б. Кагазбекова¹, С.С. Рахипова²,
Қ.А. Затов¹, Ш. Әділбаева^{1*}**

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.,

*e-mail: paradise-gannat@mail.ru

ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРДЫ АНАЛИЗДЕУ

Қазіргі Қазақстан – бұл өз азаматтарына мүлдем тең құқықты қамтамасыз ететін поли-конфессиялық мемлекет. Гендерлік көзқарас әйелдердің позициясын инновациялық тұрғыдан қайта қарауды ғана емес, сонымен қатар оны өзі туралы және қазіргі әлемдегі рөлі туралы ескірген идеялардан босатудың практикалық тәсілдерін іздеуді де болжайды. Мақалада қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардағы гендерлік қатынастардың даму процестері сипатталған, сонымен қатар олардың Қазақстанда, атап айтқанда саясаттану, құқық, экономика және дінтану саласында қабылданған жаңа үлгілері келтірілген. Халықаралық қауымдастық жасаған гендерлік теңдік рейтингінің нәтижелері негізінде Қазақстандағы саяси, экономикалық, діни және құқықтық зерттеулердің нәтижелері талданады. Қазақстандық қоғам осы салалардағы заманауи гендерлік қатынастардың өзіндік дәйекті дамуымен сипатталады. Айта кету керек, гендерлік зерттеулер әлеуметтанудағы, оның ішінде діндегі инновациялар мен зерттеулер аясын кеңейтеді. Бұл, ең алдымен, зайырландыру, модернизация және эмансипация процестеріне байланысты. Дін саласындағы гендерлік зерттеулер мен феминизмнің рөлі мен маңыздылығы туралы мәселе әйелдер арасындағы діндарлық деңгейінің жоғарылауына байланысты туындайды, оны зерттеушілер әр түрлі түсіндіреді, бірақ бұл тәсілдердің көпшілігі гендерлік теориялық қағидаларға негізделген.

Түйін сөздер: гендер, саясат, гендерлік экономика, дін.

**S.B. Kagazbekova¹, S.K. Rakhipova²,
K.A. Zatov¹, Sh. Adilbayeva^{1*}**

¹Egyptian university of Islamic culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

²Zhetysu State University named after I. Zhansugurova, Kazakhstan, Talduyorgan,

*e-mail: paradise-gannat@mail.ru

Analysis of gender relations in modern social and human sciences

Modern Kazakhstan is a multi-confessional state that provides absolutely equal rights to its citizens. The gender approach presupposes not only an innovative rethinking of the position of women, but also the search for practical ways to free her from outdated ideas about herself and her role in the modern world. The article describes the processes of the development of gender relations in the social and humanitarian sciences, and also gives their new models adopted in Kazakhstan, in particular in the field of political science, law, economics and religious studies. Based on the results of the ranking on gender equality, developed by the international community, the results of political, economic, religious and legal research in Kazakhstan are analyzed. Kazakhstani society is characterized by its own consistent development of modern gender relations in these areas.

It should be noted that gender studies broadens the scope of innovation and research in sociology, including religion. First of all, this is due to the processes of secularization, modernization and emancipation. The question of the role and importance of gender studies and feminism in the field of religion arises in connection with the increase in the level of religiosity among women, which researchers interpret in different ways, but most of these approaches are based on theoretical principles of gender.

Key words: gender, politics, gender economy, religion.

С.Б. Кагазбекова¹, С.С. Рахипова²,
Қ.А. Затов¹, Ш. Адилбаева^{1*}

¹Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
²Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган,
*e-mail: paradise-gannat@mail.ru

Анализ гендерных отношений в современных социальных и гуманитарных науках

Современный Казахстан – поликонфессиональное государство, которое предоставляет для своих граждан абсолютно равные права. Гендерный подход предполагает не только новаторское переосмысление положения женщин, но и поиски практических путей ее освобождения от устаревших представлений о самой себе и своей роли в современном мире. В статье описаны процессы развития гендерных отношений в социальных и гуманитарных науках, а также даны их новые модели, принятые в Казахстане, в частности в области политологии, права, экономики и религиоведения. На основе итогов рейтинга по гендерному равенству, разработанного международным сообществом, проанализированы результаты политических, экономических, религиозных и правовых исследований Казахстана. Казахстанское общество характеризуется последовательным собственным развитием современных гендерных отношений в этих сферах. Следует отметить, что гендерные исследования расширяют сферу инноваций и исследований в области социологии, включая религию. В первую очередь, это связано с процессами секуляризации, модернизации и эмансипации. Вопрос о роли и важности гендерных исследований и феминизма в области религии возникает в связи с повышением уровня религиозности среди женщин, что исследователями толкуется по-разному, однако большинство этих подходов основано на теоретических принципах гендера.

Ключевые слова: гендер, политика, гендерная экономика, религия.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану кезеңінде өзекті болған мәселелердің бірі – гендерлік қатынастар. Әлеуметтанулық ғылымдарда «жыныс» және «гендер» терминдері ажыратылып көрсетіледі. Жыныс – биологиялық жаратылыс болса, гендер – бірте қалыптасатын әлеуметтік статус. Гендерлік қатынастар адамзат қалыптасуына әсер ететін барлық салалармен тығыз байланысты. Олар – саяси, идеологиялық, экономикалық, әлеуметтанулық, медициналық, психологиялық, мәдени, рухани т.б. бағыттар. Мақалада гендерлік қатынастардың Қазақстандағы саясат, құқық, әлеуметтану, экономика, дінтану салаларында көрініс табуы талданады. Заманауи Қазақстанның қоғамдық өміріне әлемдік өркениеттің де едәуір өзгерістер әкеліп жатқаны мәлім. Солардың ішінде бүгінгі күні актуалды тақырыптардың бірі болып отырған әйел теңдігі, гендер мәселесі. Алайда гендер мәселесі қазақ қоғамында қай уақытта болмасын өзекті болған. Алаш қайраткерлерінің де көкейкесті көтерген тақырыптары – әйел құқығы, әйел мәртебесі, білімі, теңдігі еді. Алайда әлі күнге дейін сол әйел теңдігі мәселелері заманның талабына сай жалғасын табууда.

Саясаттану саласындағы гендерлік зерттеулер

Әлемдік тәжірибе көптеген елдерде гендерлік мәселелер мемлекеттік саясаттың бағым бағыты болып табылатынын көрсетіп отыр. Халықаралық қоғамдастық гендерлік теңдік саласындағы рейтингтерді үнемі қадағалап отырады. Солардың беделділерінің бірі Дүниежүзілік экономикалық форумның (бұдан әрі – ДЭФ) гендерлік алшақтық индексі болып табылады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша ДЭФ-тің индексіне сәйкес гендерлік теңдік бойынша Қазақстан 153 мемлекеттің арасында 72-орынға ие болды. Бұл әлемдік зерттеуде ерлер мен әйелдерге 14 түрлі критерий бойынша анализ жасалған (Global Gender Gap, 2019: 20-206).

Батыс елдерінде гендерлік саясаттың күрделі өзгерістері әйелдер қозғалысының екінші толқынының әсерімен XX ғасырдың 60-жылдарында басталды. Бұл мемлекет саясатының шеңберінде әйелдер құқықтарын қамтамасыз етуге, әйелдердің қоғамдық өмірдің барлық салаларында мәртебесін көтеруге өз ықпалын тигізді. XX ғ. 70 жылдары гендерлік бейтараптылыққа бет алса, 80-90 жылдары гендерлік сезімталдық саясатына қол жеткізді. Осылайша гендерлік саясат

жылдан жылға жаңа заңдармен толықтырылып, гендерлік теңдік шеңбері кеңейе түсті.

Ресейлік зерттеуші О.А. Хасбулатова гендерлік мәселелерге қатысты мемлекеттік саясатты бірнеше түрге бөледі:

Патриархалды саясат.

Патриархалды саясатта – отбасы мен қоғамда әйел мен еркек арасында қызметтер нақты бөлініп көрсетілген. Бұл патриархалды қоғамда әйел адамның негізгі қызметі – ана болу, бала тәрбиесімен айналысып, үй шаруашылығын жүргізу болып есептеледі. Ал, ер адам отбасы мен қоғамның арасындағы түйінді байланыстыратын қоғамдық, кәсіби және мемлекеттік қызметтер, отбасының басшысы және «асыраушысы» рөлдері белгіленген. Қазақ қоғамында заманауи әйелдер қоғамы білім алып, еңбек етіп, қызмет қылғанымен патриархалды пікірдегі отбасының басшысы, асыраушысы – ер адам екендігі қанға сіңген қасиет.

Патерналистік саясат. Әйел мен еркектің әлеуметтік ортада тең құқылы болуы, өндірістік салаға әйелдердің теңдей қатыстырылуы, әйел – жұмысшы (қызметкер), ана және үй иесі міндеттерін атқаруына жағдай жасау, көмек беру, демалыс беру және әйел еңбегін қолдауға байланысты шараларды ұйымдастыру патерналистік саясаттың негізгі компоненттері болып табылады.

Эгалитарлы саясат. Негізгі мақсаты адамды жынысына қарай бөлместен әлеуметтік салаларда жеке тұлға болып қалыптасуы үшін теңдей жағдай жасау. Адамды «орташаландыру», жыныстық-рөлдік айырмашылықты әлеуметтендіру үрдісінде шеттетпей, керісінше, әйел мен еркекке өздерінің шығармашылық және жеке әлеуетін жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктерге кепілдеме беретін қоғамдық ортаға қол жеткізу болып табылады.

Эгалитарлы саясаттың негізгі бағыттары: әйелдердің мемлекеттік басқару мен кәсіби қызметтің барлық саласына қатысуы, өндірістік сала мен өндірістік емес кәсіби қызмет бойынша еңбекақы төлеуді теңестіру, үйдегі жұмыстарды орындауда отбасы мүшелеріне барынша жағдай жасау, ата-ананың екеуіне де баланы күтуге байланысты мемлекеттік жеңілдікті тарату, қоғамдағы әйел мен еркек рөлінің патриархатты таптаурынның алдын алу, жыныстардың әлеуметтік теңдігі туралы қолайлы қоғамдық пікір қалыптастыру (Беркімбаева, 2007:54). Қазіргі қазақ қоғамында эгалитарлы саясаттың көрінісі болғанымен, патриархатты саясаттан

толығымен арылған емес. Еңбек нарығында әйел адамдардың саяси-басшылық қызметтерінде аз болуының бірден бір себебі қазақ қоғамында қалыптасқан менталитет пен қазақи мәдениеттің көрінісі. Фридрих Эберт фондының жасаған әлеуметтік зерттеуінің нәтижесінде сауалнамаға қатысқандардың 51,6% саяси және бизнес басшылыққа ер адамдар лайықты десе, ал 44,1% әйел адамдардың лайықты екендігін көрсеткен. (Исмуханова, 2019:47).

Қазіргі кезде гендерлік теңдікке қатысты өзекті мәселелердің бірі – саяси және мемлекеттік басқару саласындағы әйелдердің алатын орны. ҚР-дың гендерлік теңдік туралы стратегиясының маңызды бір бағыты да осы саладағы әйелдердің рөлін арттыру болып табылады.

Қазіргі қазақстандық қоғамда гендерлік саясаттың жүзеге асырылуы мемлекеттік саясаттың бір бөлігі. Гендерлік саясаттың мақсаты – нақты гендерлік теңдікке қол жеткізу. Бұл барлық азаматтар таптаурын салттар мен дәстүрлі гендерлік жүйеден туындайтын шектеулерден тәуелсіз түрде таңдау еркіндігі мен өздерінің жеке қабілеттерін дамыту еркіндігіне ие деген сөз. Гендерлік саясаттың іске асырылуы – демократияға қол жеткізудің басты факторларының бірі (Өскембаева, 2017:5).

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап гендерлік теңдікке байланысты көптеген құжаттар қабылданып, іске асырылуда. Ұлттық концепциясында нақты мақсатты индикатор белгіленген, яғни барлық салалардың ұжымдық құрамының 30% әйелдер өкілдігінен болуы тиіс.

Бүгінгі күнгі Қазақстандағы гендерлік үдерістердің нақты ахуалына билік саласындағы әйелдердің құрамына талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады. Әйелдердің саяси мәртебесі олардың құқықтары қалай жүзеге асырылатынының айқын көрінісі. ҚР парламенті жоғарғы және төменгі палатасының 23%-ын, жергілікті өкілетті органның (маслихат) 22%-ын әйел-депутаттар құрайды. Мемлекеттік қызметте әйелдердің – 56%, оның ішінде басшылық қызметінде – 41%, сот қызметінде – 51%, сондай-ақ елші қызметінде – 5 әйел қызмет етеді (Азимова, 2019). Қазақстанда басқару және саяси билікте ер адамдардың артықшылығы басым. Әлемдегі озық 50 елдің қатарына кіру, интеллектуалды ұлт болу үшін де, елімізге байыпты гендерлік саясаттың да қажеті мәлім. Гендер мәселесіне жан-жақты қарау керек. Көпшілік қауым гендерлік саясатты әйелден еркек жасау деп түсінеді. Гендерлік саясат дегеніміз

әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу болып табылады (Абдрасилқызы, 2014:108). Әкімшілік-басқару құрылымы негізінен ер адамдардан тұратын институт болып қалып отыр. Алайда, соңғы кезде бұл салада үлкен өзгерушіліктер байқалады. Бұған ең алдымен елімізде жүргізіліп отырған әлеуметтік реформалар ықпал етуде.

Құқық және гендер

Гендерлік теңдік – әйелдер мен еркектер тең құқықтық мәртебесі және тұлғаларға жыныстарына қарамастан өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени салаларына қатысу үшін өз қабілеттерін еркін қолдануға тең мүмкіндік береді.

Қазақстан гендерлік саясатты құру кезінде адам, отбасы құқықтары және гендерлік теңдік саласындағы табысты халықаралық тәжірибелер мен БҰҰ құжаттары қолданылды.

Гендерлік саясат негіздерінің бастамасы 1995 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген. Конституцияның 14-бабында: «Заң мен сот алдында барлық адамдардың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына және нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп, гендерлік теңдіктің негізін қалаушы тұжырым жасалған. Сондай-ақ бұл құжатта мемлекеттің ең басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігін айқындаған (ҚР Конституциясы. – 14-бап.). Қазақстанда 1995 жылы ҚР Президенті жанынан отбасы, әйелдер және демографиялық саясат мәселелері бойынша кеңес ашылды. 1998 жылы ол ҚР Президенті жанынан отбасы және әйелдер мәселесін қарайтын Ұлттық комиссия болып қайта құрылды. Ұлттық комиссия Пекин платформасының талаптарын ескере отырып, алғаш рет ҚР әйелдер жағдайын жақсартуға арналған ұлттық бағдарлама дайындады. Ол Үкімет қаулысымен бекітіліп, барлық мемлекеттік органдарға таратылды. Ұлттық бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі әйелдердің саяси өмірге белсенді араласуын қамтамасыз ету болып табылады. 2003 жылы Үкімет қаулысымен гендерлік саясат тұжырымдамасы мақұлданды. Сонымен қатар 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы тұңғыш Прези-

дент Н.Ә. Назарбаевтың IV әйелдер форумында жоспарлаған тапсырмасына байланысты, 2005 жылы 29 қарашасында бекітілді. ҚР 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы – мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат болып табылады. Стратегияның негізгі мақсаты елімізде әйелдер мен ерлердің өмірдің барлық саласында тең дәрежелі болуына бағытталған. Үкімет басқару органдарындағы әйелдер санын 30%-ға көбейту, соған сәйкес саясаткер әйелдерді дайындау, қабылданатын құқықтық заңнамаларға гендерлік сараптамалар жасау, балалар мен жастарға, жалпы Қазақстан халқына гендерлік мәселелер туралы ағартушылық жұмыстар жүргізуіне мән берілген. 2009 жылы ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы ҚР Заңы қабылданды. 2016 жылы ҚР 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы қабылданды. «Қазақстан 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Елбасы жолдауында: «Мемлекет үшін және менің жеке өзім үшін ананы қорғау ерекше мәселе. Біз Қазақстан қыздарының сапалы білім алып, жақсы жұмысқа ие болуы және тәуелсіз болуы үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет. Әйел заты әрдайым біздің қоғамның тең құқылы мүшесі. Отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолы қатаң кесілуі тиіс. Заң, мемлекет және мен біздің ханымдарымыздың жағындамыз» делінген. ҚР неке және отбасы туралы кодексінің 30 бабында «Ерлі-зайыптылар тең құқықтар пайдаланады және тең міндеттер атқарады» делінген (Кодекс, 2012:20). Осындай құжаттардың аясында Қазақстан қоғамында гендерлік теңсіздіктерді жою жұмыстары жүргізілуде. Бұл тұжырымдар елімізде гендерлік теңдік үрдістеріне үлкен серпіліс беретін және нақты міндеттер жүктейтін маңызды бағдар.

Қазақстандағы гендерлік мәселелердегі негізгі проблема – үй ішінде балаларды тәрбиелеу бойынша орындалатын міндеттердің барлығы әйелге жүктелуімен сипатталатын тұрмыстық кемсітушілік болып табылады. Алайда әйелдер қоғамдық еңбекпен еркектермен қатар айналасуы мүмкін. Жасырын кемсітушілік те бар, яғни жұмысқа қабылдау, қызметтік сатымен жылжу кезінде әйелдердің құқықтары мен еркіндігін шектеу немесе қысым жасау, оның құндылығын жыныс белгісі бойынша төмендетулер де орын алады.

Экономика саласындағы гендерлік қатынастар

Қазіргі экономика саласының жаңа бағыты – *гендерлік экономика*. Гендерлік экономиканың негізі – ерлер мен әйелдердің экономикалық айырмашылықтарын анализдеу. Заманауи экономистер гендер мәселесіне аса көп қызығушылық танытпауда, ал қазақстандық қоғамда бұл сала жаңадан қалыптасу деңгейінде. Гендерлік экономиканың даму кезеңдерін бірнеше этапқа бөліп көрсетуге болады. 1840-1870 жылдары Ұлыбританияда ең алғаш жеке меншік пен жұмыспен қамтылу саласын зерттеген алғашқы гендерлік экономистер Джон Стюарт Милль, Хэриет Тэлор Милль және Барбара Бордишон болды. Джон Милль өзінің «Әйелдің мойынсынуы туралы» атты еңбегінде әйелдердің экономикалық сферада маргиналдандуын зерттеді (John Mill Stuart, 1970:242). Гендерлік экономиканың зерттелуінің келесісі маркстік кезеңге жатады. Бұл кезеңдегі зерттелу көрінісі Ф. Энгельстің «Отбасының қалыптасуы, жеке меншік және мемлекет» (1884) атты еңбегіне негізделді (Энгельс, 1985). К. Маркс пен Ф. Энгельс гендерлік теңдік мәселесін көтергендердің алғашқылары болды. Энгельстің пікірі бойынша еңбектің үй шаруасынан тыс болып бөлінуі әйелдердің үй шаруашылығындағы басыбайлығын арттырады. Әйелдердің өнеркәсіп өндірісіне атсалысуын әйел бостандығы деп санады. Марксистік пікір бойынша егер үй еңбегі отбасы шеңберіне шығып, қоғамдық еңбек саласына айналса ғана шешіледі деді.

Келесі кезеңдегі гендерлік феминистерді (1890-1920) еңбекақының төленуі қызықтырды. АҚШ-та Шарлотт Пекинс Джилман үй шаруашылығындағы әйелдердің жағдайын зерттеді. Оның пікірі бойынша үй шаруашылығындағы еркіндікті орнату гендерлік теңдік болып табылады деді. Сондай-ақ ХХ ғасырдың 70-80 жылдары гендерлік экономиканың жаңа классикалық теориясы пайда болды. Бұл теорияның негізін салушылардың бірі – америкалық экономист Гэри Беккер болды. Ол ең алғаш гендерлік экономикаға ғылыми түсініктеме беріп, «Үй шаруашылығының жаңа экономикасы» концепциясын құрастырды. Концепцияда үй шаруашылығындағы еңбекті бөлісудің жаңа тәсілдерін, отбасының қаржылық кірістерін үйлестіру, еңбек нарығындағы дискриминация, некелік және туыстық қарым-қатынас қарастырылады. Концепция бойынша әйелдің үй шаруашылығындағы еңбегін экономикалық кате-

гория ретінде қарастыру керек деді. Бұл бағытты ұстанушылар үй шаруашылығын бөлісуді «адам капитал» түсінігімен ұғындырды.

Соңғы жылдарда гендерлік экономика саласында еңбектер жазып жүрген Джойс Джакобсеннің пікірінше: гендерлік экономика экономикалық проблемалардың 3 түрін қамтиды: ерлер мен әйелдерді қамтитын теориялық модельдер, қауымдастықты зерттеуге арналған эмперикалық зерттеулерде ерлер мен әйелдер айырмашылығы және әр жынысқа әсер ететін экономикалық саясатты талдау (Варонина, 2001:77).

Гендерлік экономиканың негізі – ерлер мен әйелдер арасындағы экономикалық айырмашылықтарды талдау және гендерлік теңсіздіктің себептерін анықтау болып табылады. Бүгінгі таңда бұл бағыт экономикалық теорияның әртүрлі бағыттары аясында ұсынылған ұғымдардың кең спектрін қамтиды. Осы бағыттардың әрқайсысы гендерлік мәселелерге қатысты өзіндік талдаулары мен түсініктерін ұсынады. Неоклассикалық бағыт үшін – бұл үй шаруашылығы, отбасы ішіндегі еңбек бөлінісі, еңбек нарығына шығу туралы шешімдер, күйеуі мен әйелі бірлесіп қабылдаған шешімдер, еңбек нарығындағы әйелдерге қатысты дискриминацияны зерттеу және түсіндіру және соңғы жылдары – неке мен репродуктивті мінез-құлықты талдау болып табылады. Марксистік ағым үшін бұл әйелді отбасының ішінде және одан тыс пайдаланудың себептері мен формалары, гендерлік теңсіздіктің көрінісі факторлары мен бағыттары, патриархия мен капитализм арасындағы қатынастар туралы сұрақтарға жауап іздеу болып табылады. Осы салалардың ішіндегі ең жасы – институционалды экономика. Ол – гендерлік қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөлін, әлеуметтік саясат проблемаларын және некелік қатынастарды т.б. мәселелерді зерттейді (Варонина, 2001:78).

Қазіргі қазақстандық қоғамдағы гендерлік экономикаға бірнеше факторлар әсер етуде:

- Барлық салада гендерлік теңдікті бекітетін құқықтық заңнаманың болуы;
 - Қоғамдағы өткір және шешілмеген гендерлік теңсіздікті мойындау;
 - Тарихи факторлардың әсері:
- а) Қазақстан қоғамында өткен ғасырларда қалыптасқан, бірақ жаңа жағдайларға бейімделген ерлер мен әйелдердің дәстүрлі қарым-қатынасы;
 - ә) Өткенкеңестік кезеңнің мұрасы, оның ішінде әйелдер мен отбасына қатысты коммунистік режим саясатының әсерінен қалыптасқан сана мен мінез-құлық стереотиптері;

б) Қазақ қоғамының ашық және демократиялық жағдайында басқа мәдениеттер мен үрдістердің әсер етуінен қалыптасып келе жатқан гендерлік позициялардың жаңа шындықтары.

Гендерлік теңдікті орнатудың негізгі міндеттерінің бірі еңбек нарығының барлық саласында гендерлік жалақының айырмашылығы мәселелерінде ерлер мен әйелдердің теңдігін қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі әлеуметтік экономикалық зерттеулердегі ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі еңбекақы-

сындағы гендерлік айырмашылықтар. Әлемдік экономикалық форумның «Гендерлік айырмашылық туралы жаһандық есептер 2006-2020» көрсеткен мәліметінде Қазақстан 153 мемлекеттің ішінде 72 орынды иеленген (Gender Gap, 2019:205). Әлемдік экономикалық форум, «Гендерлік айырмашылық туралы жаһандық есептер 2006-2020» жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде Қазақстан төрт бағыт бойынша – экономика, білім беру, денсаулық сақтау және саясат салаларындағы гендерлік айырмашылық көрсеткіштері:

Экономика		Білім беру		Денсаулық		Саясат	
Индекс көрсеткіші	Рейтинг орны	Индекс көрсеткіші	Рейтинг орны	Индекс көрсеткіші	Рейтинг орны	Индекс көрсеткіші	Рейтинг орны
0,742	37	0,995	63	0,975	74	0,130	106

Бұл көрсеткіштер бойынша Қазақстан экономика мен саясат саласында гендерлік теңсіздіктің басымдығын көрсетеді. Ерлер мен әйелдердің орташа жалақы айырмашылығы әлі де 34%-ды құрап отыр.

Қазақстанның еңбек нарығында, экономикалық салада ерлер мен әйелдердің жалақы көлеміндегі дискриминация – ерлердің жоғары жалақы төленетін салаларда қызмет етіп (мұнай-газ, шахта, кен т.б.), әйелдердің жалақысы төмен, көбіне медицина мен білім саласында жұмыс істеулерімен түсіндіріледі.

Дінтану саласында гендерлік қатынастардың көрініс табуы

Гендерлік зерттеулер әлеуметтану саласында, оның ішінде дінтану саласына да өзіндік жаңалықтар мен зерттеу алаңдарын кеңейтуде. Бұл ең алдымен секуляризация, модернизация және эмансипация үдерістерімен тығыз байланысты. Дінтану саласындағы гендерлік зерттеулер мен феминизмнің рөлі мен маңыздылығы туралы мәселе әйелдер арасындағы діндарлықтың жоғарылауына байланысты туындайды, оны зерттеушілер әртүрлі жолдармен түсіндіреді, бірақ кез келген жағдайда, барлық осы экспрессивті және сипаттау әрекеттері гендерлік шеңберде айтылған теориялық ережелерге негізделген. Дінтану саласында гендерлік категорияның әдіснамалық және аналитикалық ресурстары кеңеюде: біріншіден, дінді енді тек ер адамдар ғана емес әйел адамдар да зерттеуге көшті. Екіншіден, діни ландшафттағы

әйелдердің өздері зерттеушілердің негізгі зерттеу объектісіне айналды. Гендерлік зерттеулер әйелдер мен олардың рухани тәжірибесін жеке зерттеуге лайықты екенін көрсетеді.

Діндегі әйел мәселесі жайындағы алғаш зерттеулер батыстан бастау алып, қазіргі кезде Орта Азия мемлекеттерінде де зерттеулерді қажет ететін өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Феминистік теология XX ғасырдың екінші жартысында пайда болды және мәдениеті мен тарихы әртүрлі қауымнан жиналған әйелдер шіркеудің патриархалды ілімдері мен әдет-ғұрыптарына қарсы шығып, құдайға деген өзіндік сенім мен идеяларын қалыптастырды (Pui-Lan K, 2004:23). Феминистік теологияның нысаны – «дін саласындағы, діни тәжірибелер мен рәсімдер саласындағы әйел категориясы» (Колосова, 2005: 195).

Дінтану саласында әлемдік діндердегі әйел статусы, ұлттық діндердегі әйел бейнелеріне, әйел болмысына арналған көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Солардың ішінде діндегі әйел мәселелерін зерттеген батыстық зерттеушілер – А. Уадуд, А. Барлас, Д. Кандиоти, Л. Ахмад т.б.

Қорытынды

Гендерді зерттеуші дінтанушылар діни дәстүрлердің барлығына қатысты зерттеулер жүргізіп, өзгерістер енгізуді көздейді. Себебі көптеген діни дәстүрлердегі әйелдердің рөлдері діннің талабынан емес, жергілікті таптаурынды мәдениеттің әсері деп түсінді (Amico, 1998:123).

Христиандық феминизм идеологиясында феминистер дінге әйелге қатысты христиандық пікірлермен келісе бермеді. Теологиялық феминизмнің ең алғашқы негізін қалаушы – америкалық Елизабет Стентон (Elizabeth Cady Stanton, 1815-1902) есімімен байланыстырылады. Е. Стентон шіркеудегі патриархаттылықты көріп, феминизм қозғалысының негізгі сынға түсетін объектісі – дін деп түсінді. Сондықтан Е. Стентон жақтастарымен біріге отырып «Әйелдер Киелі кітабын» басып шығарды («Woman’s Bible» 1895, 1898). Е. Стенсон бұл әйелдерге арналған киелі кітапта «сыни феминистік түсініктемелер» берді (Stanton, 1993:14-15). Христиандық феминизм әйелдерді кемсітетін тұстарын алмай, теңдік мәселесін ту етеді. XX ғ. Киелі кітапты заманауи ағылшын тіліне жынысқа бөлмей аударған. Яғни еркек (a/the man, men) деген жерде – адамзат (human) деп аударылған (Колосова, 2005:198). XXI ғ. көптеген христиандық шіркеулер әйел адамның дін қызметшісі (священник), епископ бола алатын мүмкіндіктері бар деген шешімге

келуде. 2010 жылы Италияның ескі католиктік шіркеуіне әйел-дін қызметкері сайланған (www.maranatha.org.ua, 2014). 2013 ж. күзінде Англикандық шіркеуі әйел-епископ болуға рұқсат еткен (www.pravoslavie.ru, 2014). Осылайша, көптеген дереккөздерді талдай отырып, біз христиан феминизмі гендерлік теңдік принципін ұстана отырып, белгілі бір мәдени және діни дәстүрлерде қалыптасқан стереотиптерді жоюға бағытталғандығын көреміз. Ал ислам дінінде гендерлік мәселелер белгілі қалыптасқан шарифат заңдарының шеңберінде шешіледі. Алайда, ислам дінінің кейбір ағымдарының бұрмалауының әсерінен мұсылман әйелдерінің құқықтары тапталуда. Қазіргі дінтанудағы ислам дінінде гендерлік мәселелерді зерттеудің негізгі мақсаты – шарифат шеңберінде берілген әйел құқықтарын қорғау болып табылады.

Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы гендерлік мәселелерді тұжырымдай келе бұл саланың елімізде әлі де зерттелетін қыры көп екендігін көрсетеді.

Әдебиеттер

- “World economic forum. (2019). Global Gender Gap 2020” Geneva. p. 206.
- Amico El. B. (1998). Reader’s guide to women’s studies. Chicago.
- John Mill Stuart. (1970). On the subjection of women// essays on sex equality/ ed by Alisse Rossi. Chicago: univ. of Chicago Press. p.242.
- Pui-Lan K. (2004). Feminist theology as intercultural discourse Feminist theology. ed. by Parsons F. S., Cambridge, p.325.
- Stanton E.C. (1993). The Woman’s Bible. Northeastern. p. 203
- Азимова Э. (2019). Азиатско-Тихоокеанской конференция министров по обзору «Пекин+25». – Бангкок.
- Абдрасилқызы А., Калилаханова К.Т., Есенова Д.Б. (2014). Материалы по основным вопросам религии: в помощь лектору. – Шымкент. – 108 с.
- Алимбекова Г.Т. (2008). Проблема насилия в отношении женщин: социологический анализ. – С. 27.
- Беркімбаева Ш.К., Қожахметова К.Ж. (2007). Гендерлік білім: теориясы мен тәжірибесі. – 54 б.
- Еще одна женщина-священник появилась в Старокатолической церкви Италии. (2014). URL:<http://www.maranatha.org.ua/cnews/r/70782> (дата обращения: 14.03.2014).
- Женщинам-епископам в Англиканской церкви дали «Зеленый свет» (2014). URL:<http://www.pravoslavie.ru/news/65977.htm> (дата обращения: 14.03.2014).
- Колосова И.А. (2005). Религия в гендерном измерении. Введение в гендерные исследования / Под редакцией И.В. Костикова и др. – М. – С. 252.
- ҚР Конституциясы. 14-бап.
- ҚР Неке және (ерлі-зайыптылық) отбасы туралы кодекс. (2012). Алматы. – 20 б.
- Өскембаева М.Ә., Резвущкина Т.А., Бейсенова А.А. (2017). Қазіргі Қазақстандағы әйелдер мен ерлерге қатысты саясат. – 47 б.
- Теория и методология гендерных исследований. (2001) / Под редакций О.А. Варонина. – М. – С. 416.
- Исмұханова Г., Шарипова Д. (2019). Ценности казахстанского общества в социологическом измерении. – Алматы. – С. 47.
- Хасбулатова О.А. (2001). «Российская государственная политика в отношении женщин (1900-2000) теория и методология гендерных исследований. – М. – С. 365.
- Энгельс Ф. (1985). Происхождение семьи, частной собственности и государство: в связи с исследованиями Льюиса Г. Моргана. – М.: «Политиздат». – С. 639.

References

- “World economic forum. (2019). Global Gender Gap 2020”. Geneva. p. 206
- Amico El. B. (1998). Reader’s guide to women’s studies. Chicago.

- Azimova E. (2019). "Aziyatsko- tihookeyanskaya konferentsiya ministrov po obrozu "Pekin+25" [The Asia-Pacific Ministerial Conference on the Beijing+25 review]. Bankok.
- Abdrasilkizi A., Kalilahanova K.T., Esenova D.B. (2014). Materiali po osnovnim voprosam religii: v pomosh lektoru [Materials on basic religious issues: to help the lecturer]. Shmkent. p.108.
- Alimbekova G.T. (2008). Problema nasilia v otnoshenii zhenshin: sosiologicheski analiz. [The problem of violence against women: a sociological analysis]. Almaty.p.27
- Berkimbayeva Sh.K., Kozhahmetova K.Zh. (2007). Gendirlik bilim: teoriyasi men tazhirbiyesi. [Gender studies: Theory and methodology]. p.54.
- Engels F. (1985). Proishozhdeniye semyi, chastnoy sobstvennosti I gosudarstvo: v svizi s issledovaniyami Luisa G.Morgana. [The Origin of the Family, Private Property, and the State: In Relation to Research by Lewis G. Morgan] Moskva. "Politizdat" p.639.
- Hasbulatova O.A. (2001). "Rossiskaya gosudarstvennaya politika v otnoshenii zhenshin (1900-2000) teoriya I metodologiya gendernih issledovaniy. [Russian state policy towards women (1900-2000) theory and methodology of gender studies]. Moscow. p.365.
- John Mill Stuart. (1970). On the subjection of women essays on sex equality ed by Alisse Rossi. – Chicago: univ. of Chicago Press. p.242.
- Kolosova I.A. (2005). Religiya v gendernom izmerenii. Feministkaya teologiya I genderniye streatipi v hrestianstve Vvedeniye v gendernoye issledovaniye.[Religion in Gender Dimension. Feminist theology and gender stereotypes in Christianity. Introduction to Gender Studies]. Moscow. p.252.
- Oskembayeva M.A., Rezvushkina T.A., Beisenova A.A. (2017). Kazirgi Kazakhstandagi erler men ayelderge katisti sayasat. [Policy towards women and men in modern Kazakhstan]. p.47.
- Pui-Lan K. (2004). Feminist theology as intercultural discourse // Feminist theology. ed. by Parsons F. S. Cambridge. p.325.
- Constitution of Republic of Kazakhstan. 14 art.
- QR Neke zhane otbasi turali kodeks. [RK Marriage and Family Code]. (2012). Almaty. p.20.
- Stanton E. C. (1993). The Woman's Bible. Northeastern. p.203.
- Teoria I metodologiya gendernih issledovaniy.[Theory and methodology of gender studies] (2001). Moscow. p.416.
- Ismuhanova G., Sharipova D. (2019). Sennosti kazakhskogo obshestva v sosiologicheskom izmerenii. Almaty. p.47.
- Eshe odna zhenshina sveshennik poyavilas v starokotolicheskoi serkvi Italii [Another female priest appeared in the Old Catholic Church in Italy]. (2014). URL:<http://www.maranatha.org.ua/cnews/t/70782>
- Zhenshinam- episkopam v Anglikanskoj serkvi dali "zeleni svet" [Women Bishops at Anglican Church Gave Green Light]. (2014). URL:<http://www.pravoslavie.ru/news/65977.htm>.